

Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 1997 жылғы 24 ақпандағы N 1/2 Қаулысына Қарсылығы туралы

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңестің Қаулысы 1997 жылғы 17 наурыздағы N 1/3

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі құрамында Төраға Ю.А.Ким, Кеңес мүшелері Н.И.Акуев, О.Қ.Ықсанов, В.В.Мамонов, С.Ғ.Темірболатов, В.Д.Шопиннің қатысуымен Қазақстан Республикасы Конституциясының 73-бабы 4-тармағының және Қазақстан Республикасы Президентінің Конституциялық заң күші бар "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" Жарлығы 38-бабының 2-тармағы 1) тармақшасының негізінде жабық мәжілісте Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 1997 жылғы 24 ақпандағы Қазақ КСР-інің Азаматтық іс жүргізу кодексінің 310-бабын конституциялық емес деп тануға қатысты N 1/2 Қаулысына Қарсылығын қарап, ұйғарды:

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі Маңғыстау облыстық сотының өтініші бойынша 1997 жылғы 24 ақпандағы N 1/2 Қаулысымен Қазақ КСР Азаматтық іс жүргізу Кодексінің 115 және 310 баптарын конституциялық емес, Қазақстан Республикасы Конституциясының 77-бабы 3-тармағының 3) тармақшасында тұжырымдалған адам және азамат құқығына қысым жасайды деп таныған болатын.

1997 жылғы 12 наурызда Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесіне Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Конституциялық Кеңестің аталған Қаулысында Қазақ КСР-інің Азаматтық іс жүргізу кодексінің 310-бабына қатысты оны конституциялық емес деп танығанына Қарсылығы келіп түсті.

Қазақстан Республикасы Президентінің Қарсылығында Қазақ КСР-інің АІЖК-нің 310-бабын конституциялық емес деп танудың сенімсіз екенін, осыған байланысты Конституцияның 77-бабының 3-тармағы 3) тармақшасындағы келтірілген норма бланкетті болып табылатынын, яғни соттылықты белгілейтін нақты заңға сілтеме бары туралы пікір айтылған болатын.

АІЖК-нің 310-бабында көрсетілгендей, екінші сатыдағы соттың төменгі соттың істі бірінші сатыда қарауы үшін өз өндірісіне қабылдауын қайталап бұзуы Конституцияны бұзу болып табылмайды, өйткені заң бойынша істің жаңа соттылығы қарастырылып отыр. Мұндай жағдайда тараптардың келісімі талап етілмейді, яғни сотты болушылықтың өзгермейтін қағидасын сақтау қамтамасыз етіледі.

Қазақстан Республикасы Президентінің Қарсылық білдіруін қараудың нәтижесінде АІЖК-нің 310-бабының конституциялық емес жөніндегі Конституциялық Кеңестің

шешімі Қазақстан Республикасы Конституциясының 73-бабының 4-тармағында көрсетілген Қарсылық білдіруді жеңу үшін қажетті дауыс санын ала алмады. Яғни, Конституциялық Кеңестің 1997 жылғы 24 ақпандағы АІЖК-нің 310-бабын конституциялық емес деп тану жөніндегі N 1/2 қаулысы Конституцияның 73-бабы 4-тармағының нормасына сәйкес қабылданбады деп табылады.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, Қазақстан Республикасы К951000_ Конституциясының 73-бабы 4-тармағын және Қазақстан Республикасы Президентінің конституциялық заң күші бар "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" U952737_ Жарлығының 38-бабы 3-тармағын басшылыққа ала отырып, Конституциялық Кеңес қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 1997 жылғы 10 наурыздағы Қарсылық білдіруін жеңе алмауға байланысты Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 1997 жылғы 24 ақпандағы "Маңғыстау облыстық сотының Қазақ КСР АІЖК-нің 115 және 310 баптарының Конституцияға сәйкес еместігін тану жөніндегі өтініші (ұсынысы) туралы" N 1/2 қаулысының

Қазақ КСР АІЖК-нің 310-бабын конституциялық емес деп тану бөлігі қабылданбады деп табылсын.

2. Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 1997 жылғы 24 ақпандағы N 1/2 қаулысы Қазақ КСР АІЖК-нің 310-бабын конституциялық емес деп тануды қоспағанда оны қабылдаған күн 1997 жылғы 24 ақпанынан бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы
Конституциялық Кеңесінің
Төрағасы